Сауалнамаға міндетті түрде келесілер қоса берілуі тиіс: Сауалнаманы (Қазақстан Республикасының Электрондық үкімет порталынан белгіленген формада) тапсырған күнге Тапсырыс берушіні мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама / Жеке кәсіпкер куәлігінің немесе талонның көшірмесі.

2.3. Өтінім мен сауалнаманы жолдау Тапсырыс берушінің Шарттың барлық талаптарымен, бағаларымен, акцияларымен және Тапсырыс беруші алатын қызметтерге байланысты өзге де талаптармен танысқанын және келісетінін білдіреді және Шартқа қосылу тұтастай жүзеге асырылады.

2.4. Орындаушының іс жүзіндегі Тапсырыс берушілері үшін шартқа қосылу жаңа қызметтер сатып алынған жағдайда ғана талап етіледі. Бұрын жасалған барлық шарттар күшінде қалады және олар бойынша міндеттемелер толық орындалғанша қолданылады.

2.5. Іс жүзіндегі Тапсырыс берушілер үшін Шарт Қызмет көрсетудің жаңа кешенін сатып алу Шартына қосылу туралы өтініш бергенде Қызмет көрсету туралы Тапсырыс берушімен бұрын жасалған шарттарды алмастырады.

3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1. Орындаушы «Бағдарламалық жасақтама қызмет ретінде» (SaaS – software as a service) принципі бойынша БЖ-ға онлайн-қолжетімділікті ұсынады, оның функционалы (Тапсырыс берушінің Шартқа қосылған күніне техникалық, бағдарламалық және функционалдық мүмкіндіктері болған жағдайда) келесілерді қамтуы мүмкін:

3.1.1. БЖ-мен жұмыс істегенде пайдаланушыны тіркеу және аутентификациялауды;

3.1.2. Курс іздеуді мәтіндік сұраныстар бойынша және/немесе параметрлер жиынтығы бойынша сүзгілеу арқылы жүзеге асыру мүмкіндігі;

- 3.1.3. БЖ-да орналастырылған Курстың кеңейтілген сипаттамасын көру мүмкіндігі;
- 3.1.4. Жеке пайдаланушының Жеке кабинетіне кіру және оның функционалын пайдалану;
- 3.1.5. Курстың функционалдық мүмкіндіктерін пайдаланушының Жеке кабинетінің көмегімен;
- 3.1.6. Орындаушы белгілеген талаптармен және тәртіпте Орындаушының бонустық бағдарламасына қатысу.
- Орындаушы өз бетінше, Тапсырыс берушінің келісімінсіз БЖ функционалдық кез келген тәсілмен өзгертуге құқылы.

3.2. Шарттың мақсаттары үшін келесі терминдер мен қысқартулар пайдаланылады:

- 3.2.1. **Блок** – Курстың құрамдас бөлігі.
- 3.2.2. **Курс** – бірыңғай тақырыппен біріктірілген және Пайдаланушылардың осы тақырып бойынша білім мен дағдыларды меңгеруіне бағытталған анықтамалық және практикалық материалдар жиынтығы.
- 3.2.3. **Пайдаланушының жеке кабинеті** – Пайдаланушыны / Тапсырыс берушіні тіркеу нәтижесінде құрылған және оның аутентификациялық деректерін (электрондық пошта және пароль мекенжайлары) Сайтта осы үшін көзделген жолдарға енгізгенде қолжетімді Сайттың қорғалған беттерінің жиынтығы.
- 3.2.4. **Пайдаланушы** – Тапсырыс беруші анықтаған және өтінімде көрсетілген, Шарт аясында БЖ-ға қолжетімділік беретін үшінші тұлға.
- 3.2.5. **Сайт** – Интернет желісінде келесі мекен-жайда орналасқан веб-сайт: www.lerna.kz
- 3.2.6. **Шот** – төлем шоты немесе Шарт бойынша көрсетілетін қызметтердің құны айқындалатын өзге де ұқсас құжат, ал қажет болған жағдайда – Шарт бойынша Орындаушының көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу тәртібі.
- Шартта жекеше түрде қолданылатын терминдер көпше және керісінше болуы мүмкін.

3.3. Орындаушы осы Шарт шеңберінде Тапсырыс берушіге және/немесе Пайдаланушыға шарт мәніне байланысты емес жеке консультациялар бермейді.

4. ОНЛАЙН-ҚОЛЖЕТІМДІЛІК БЕРУ ТӘРТІБІ

4.1. Орындаушы Тапсырыс берушіге (Тапсырыс беруші анықтаған Пайдаланушыларға) Шартта белгіленген тәртіпте және шарттармен қызметтерге ақы төлегеннен кейін Курспен қоса, БЖ-ға онлайн-қолжетімділік береді.

4.2. Нақты пайдаланушыларға БЖ және Курстарға қолжетімділік беру Тапсырыс берушіге қолжетімділік беру деп танылады.

4.3. БЖ-ға, оның ішінде нақты Курсқа қолжеткізу үшін есептік жазба қажет. Есептік жазбаны Орындаушы Тапсырыс беруші қызметтер үшін төлем алынған күннен кейінгі 1

(бір) жұмыс күні ішінде анықтаған жеке Пайдаланушылар үшін жасайды. Тіркелу және есептік жазба жасау үшін ақы алынбайды.

4.4. Ақпараттық қауіпсіздік мақсатында Сайттағы Жеке кабинеттің есептік жазбасына одан әрі қол жеткізу үшін құпиясөзді пайдаланушы БЖ-ға алғаш кірген кезде өз бетінше белгілейді.

4.5. Пайдаланушылар тізімін үлкейту Тапсырыс беруші Орындаушыға қосымша өтінім жібергеннен кейін және содан соң Орындаушының шотын төлегеннен кейін жүзеге асырылады.

4.6. Тапсырыс беруші БЖ-ға қолжеткізуді ресімдеу мақсаттары үшін көрсетілген пайдаланушылар туралы ақпараттың мазмұнына, растығына және дұрыстығына жауапты болады.

4.7. Курспен қоса, БЖ-ға қол жеткізу Тапсырыс берушіге және/немесе Пайдаланушыларға Шарт қолданылатын бүкіл кезеңге беріледі.

5. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Орындаушы міндеттенеді:

5.1.1. Тапсырыс берушіге (Тапсырыс беруші анықтаған Пайдаланушыларға) БЖ-ға қожетімділік беруге, Тапсырыс беруші Қызметті төлеу бойынша Шарт талаптарын орындағаннан кейін курспен қоса.

5.1.2. Қызмет көрсету және/немесе БЖ-ның жұмыс істеу мәселелері бойынша Тапсырыс берушіге (Тапсырыс беруші анықтаған Пайдаланушыларға) ақпараттық қолдауды жүзеге асыруға: жұмыс күндері дүйсенбіден бейсенбімен қоса сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін, жұмада – 17:00-ге дейін (Астана қ., Қазақстан сағат белдеуі бойынша). Қолдау бойынша сұрақтар электрондық келесі мекен-жайға жіберіледі: mail@lerna.team

5.1.3. Орындаушы немесе Орындаушының кінәсінен жіберген Бағдарламалық жасақтаманың және/немесе Сайттың жұмысында қателер / кемшіліктер анықталған жағдайда, өз күшімен және өз есебінен анықталған қателерді/кемшіліктерді жоюға.

5.1.4. Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және талаптармен Тапсырыс беруші төлеген ақшалай қаражатты қайтаруға.

5.2. Орындаушы құқылы:

5.2.1. Тапсырыс берушімен келіспестен БЖ-ға және оның мазмұнына (тұтастай немесе жекелеген Курстар / Блоктар бөлімдеріне) өзгерістер енгізуге.

5.2.2. Қажетті профилактикалық және жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін БЖ және/немесе Сайт жұмысын уақытша тоқтата тұруға.

5.2.3. Шартты орындау үшін Тапсырыс берушінің келісімінсіз үшінші тұлғаларды тартуға.

5.2.4. Тапсырыс берушіден Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындау үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сұратуға.

5.2.5. Сайтта өзекті құнын орналастыра отырып, Шарт бойынша Қызметтердің құнын өзгертуге. Бұл ретте Тапсырыс беруші төлееп қойған Қызметтерге қатысты қызметтердің құнын өзгерту жүргізілмейді.

5.2.6. Орындаушының Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген және оларға Шарт бойынша қызметтер көрсету мақсаттары үшін қолданылатын басқа да құқықтары болады және басқа да міндеттерді атқарады.

5.3. Тапсырыс беруші міндеттенеді:

5.3.1. Шарттың талаптарымен, Қызмет көрсету тәртібімен, Курстардың/Блоктардың қысқаша сипаттамасымен Сайттың мазмұнымен танысуға.

5.3.2. Орындаушының Қызметтеріне ақы төлеуге және орындалған жұмыстардың актілеріне Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде қол қоюға.

5.3.3. Орындаушыға Курспен қоса БЖ-ға қолжетімділікті дұрыс және тиісінше ресімдеу үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты тапсыруға, сондай-ақ егер мұндай өзгерістер осы Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуына әсер етуі мүмкін болса, Пайдаланушыларға қатысты кез келген өзгерістер туралы Орындаушыны уақтылы хабардар етуге.

5.3.4. Пайдаланушылардың БЖ функционалын, Сайтты пайдалануын және Курсқа тек жеке және өзге де коммерциялық емес мақсаттарда қолжеткізуін пайдалануға және қамтамасыз етуге.

5.3.5. БЖ-ға қолжетімділіктің құпиялылығын қамтамасыз етуге, Курспен қоса, БЖ-ға қолжетімділік деректерін Шартқа қосылу туралы өтініште Тапсырыс беруші көрсеткен Пайдаланушылардан басқа үшінші тұлғаларға бермеуге.

5.3.6. Курспен қоса, Бағдарламалық жасақтамаға рұқсатсыз қол жеткізу фактілері туралы Орындаушыны дереу хабардар етуге, сондай-ақ пайдаланушыларды бұл туралы Орындаушыны хабардар етуге міндеттеуге.

5.3.7. Сайттағы Жеке кабинетіне кіру деректерімен қоса, басқа тұлғалардың дербес деректерін Сайтта немесе бөгде ресурстарда орналастырмауға, БЖ-да басқа пайдаланушылардың дербес деректерін пайдаланбауға және алуға тырыспауға, сол сияқты пайдаланушылардың осы міндеттемені орындауын қамтамасыз ету үшін барлық ақылға қонымды шараларды қолдануға.

5.3.8. БЖ-мен, Курс материалдарымен жұмыс істеу кезінде және/немесе БЖ және/немесе Интернет желісіндегі Орындаушыны әртүрлі алаңдарда талқылағанда Пайдаланушылардың этикалық нормаларды сақтауын қамтамасыз ету үшін, соның ішінде жалпы чаттарда хабарламалар қалдыруға (флудқа жол бермеуге), басқа пайдаланушылардың, тартылатын сарапшылардың / үшінші тұлғалардың, Орындаушының қызметкерлері және т. б. атына дөрекі сөздер айылуына және қорлауларға жол бермеу үшін ақылға қонымды шаралар қабылдауға;

5.3.9. БЖ-ның және/немесе Сайттың қалыпты жұмыс істеуін бұзуға бағытталған әрекеттерді қолданбауға және жүзеге асырмауға, вирустарды, трояндық және басқа да зиянды бағдарламаларды жүктемеуге, сақтамауға, жарияламауға, таратпауға және оларға қол жеткізуді немесе өзге де жолмен пайдалануды қамтамасыз етпеуге; Сайтта ақпарат жинау үшін Орындаушының жазбаша рұқсатынсыз автоматтандырылған скрипттерді (бағдарламаларды) пайдаланбауға.

5.3.10. Сайттың, Курстың материалдарын немесе Орындаушының ақпараттық ресурстарынан Шарттың күшіне байланысты Тапсырыс беруші қол жеткізе алатын өзге де ақпаратты көшіруді, көбейтуді және таратуды жүзеге асырмауға.

5.4. Тапсырыс беруші құқылы:

5.4.1. Қызмет көрсету тәртібіне және БЖ және/немесе Сайттың жұмыс істеуіне байланысты мәселелер бойынша БЖ-ға қол жеткізетін бүкіл мерзім ішінде ақпараттық қолдау алуға.

5.4.2. Орындаушыға БЖ пайдалануға байланысты ескертулер, ұсыныстар және/немесе пікірлер жіберуге.

5.4.3. Тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген және оған Шарт бойынша Қызметтер көрсету мақсаттары үшін қолданылатын өзге де құқықтары болады және ол өзге де міндеттерді атқарады.

6. ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ

6.1. Орындаушының Қызметтерінің құны Тапсырыс берушіге оның өтінімі негізінде қойылатын тиісті төлем шоттарында көрсетіледі. Тиісті төлем шотын төлеу шарт талаптарына Тапсырыс берушінің толық акцепті болып табылады.

6.2. Орындаушының Шарт бойынша Қызметтеріне ҚҚС салынбайды (Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 394 баб. 46 тт).

6.3. Тапсырыс беруші Қызметтерге 100% алдын ала төлем жасау талабымен Орындаушы қойған төлем шоты бойынша төлем шотында көрсетілген Орындаушының есеп айырысу шотына ақшалай қаражатты қолма-қол ақшасыз аудару жолымен төлейді.

6.4. Төлем күні ақшалай қаражаттың Орындаушының есеп шотына түскен күні болып табылады.

6.5. Қызметтерді көрсету күні Тапсырыс берушіге және/немесе Тапсырыс беруші көрсеткен пайдаланушыларға БЖ-ға, оның ішінде Тараптардың анықтаған курстарына онлайн-қолжетімділікті ұсыну күні болып есептеледі.

6.6. БЖ-ға қол жеткізуді ұсыну фактісі бойынша Орындаушы Тапсырыс берушіге жібереді, ал Тапсырыс беруші 5 (бес) жұмыс күні ішінде Орындалған жұмыстардың

(көрсетілген қызметтердің) актісіне қол қоюға және сол мерзімде оны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте және форма бойынша, оның ішінде Тараптардың электрондық-цифрлық қолтаңбаларын пайдалана отырып, байланыс арналары немесе арнайы сервистер арқылы электрондық түрде орындаушыға қайтаруға міндеттенеді.

6.6.1. Көрсетілген мерзімде Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісіне қол қойылмаған жағдайда қызметтер тиісті түрде көрсетілген, Тапсырыс беруші қарсылықтарсыз толық көлемде қабылдаған болып есептеледі.

6.7. Шарттан туындайтын салық міндеттемелерін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасында көзделген тәртіппен өз бетінше көтереді.

7. ҚАЙТАРУ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ

7.1. Тапсырыс беруші төлеген ақшалай қаражатты қайтару келесі жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін:

7.1.1. Қызмет Орындаушының кінәсінен белгіленген мерзімде көрсетілмегенде;

7.1.2. Тапсырыс беруші Қызмет көрсету басталғанға дейін Шартты бұзу және ақша қаражатын қайтару туралы хабарламамен жүгінгендеі.

7.2. Егер Тапсырыс беруші тиісті хабарлама жібермесе, Пайдаланушының қызмет көрсету басталғанға дейін курстан өтуден бас тартуы ақшалай қаражатты қайтару үшін негіз болып табылмайды.

7.3. Тапсырыс беруші төлеген ақшалай қаражатты қайтаруды Орындаушы Орындаушының электрондық поштасына жіберілген Тапсырыс берушінің жазбаша өтініші негізінде Шартта көзделген жағдайларда жүргізеді: mail@lerna.team кейіннен түпнұсқаны Орындаушының пошталық мекен-жайына жібереді: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, «Нұрлы Тау» БО, 13 үй, блок 1-В, 604 кеңсе.

7.4. Орындаушы Тапсырыс берушіден ақшалай қаражатты қайтару туралы өтініштің бекітілген формасын толтыруды талап етуге құқылы.

7.5. Егер Тапсырыс беруші Қызмет көрсету Күніне дейін Шарттан бас тартқан болса, Орындаушы, егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында немесе Шартта өзгеше мерзім көзделмесе, тиісті жазбаша хабарламаны алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күніне дейінгі мерзімде төлем жасалған Тапсырыс берушінің есеп шотына ақша қаражатын аудару арқылы төленген соманы Тапсырыс берушіге қолма-қол ақшасыз тәртіпте 100% қайтарады.

7.6. Қызмет көрсетілген және БЖ-ға қол жетімділік ұсынылған күнінен кейін ақшалай қаражатты Тапсырыс берушіге қайтару жүзеге асырылмайды

7.7. Тапсырыс беруші анықтаған жеке пайдаланушылардың БЖ-ға онлайн-қол жеткізуден бас тартуы, БЖ-ға / Курсқа / Блокқа толық көлемде онлайн-қол жеткізуді жүзеге асырмауы Тапсырыс берушінің ақшалай қаражатты қайтаруы жөніндегі талабы үшін негіз болып табылмайды.

8. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ. ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ

8.1. Орындаушы Тапсырыс беруші Шарт аясында ұсынған ақпараттың дұрыстығына жауапты болмайды және тексермейді.

8.2. Орындаушы БЖ, Курспен қоса, Тапсырыс берушінің талаптарына немесе үміттеріне жауап беретініне, Тапсырыс берушінің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетініне анық немесе болжамды ешқандай кепілдік бермейді. Орындаушы БЖ-ның Курспен қоса сәйкестігіне, Тапсырыс берушінің пайдалану мақсаттарының сәйкестігіне жауапкершілікті өзіне алмайды.

8.3. Орындаушы БЖ мен Курсқа қолжетімділік берілгеннен кейін туындауы мүмкін Курс мазмұнының өзгерістері үшін жауапты болмайды.

8.4. Орындаушы Интернет желісіне қосылу сапасына, Тапсырыс берушінің және/немесе Пайдаланушылардың жабдығының және/немесе бағдарламалық жасақтамасының жұмыс істеуіне, егер мұндай талаптар БЖ пайдалану және/немесе Курс / Блок материалдарын жаңғырту үшін қойылатын болса, Тапсырыс берушінің және/немесе Пайдаланушылардың жабдығының техникалық сипаттамаларының талаптарына сәйкес келмеуімен қоса, бірақ олармен шектелмей жауапты болмайды.

8.5. Орындаушы Шарт аясында тиісті қолжетімділік берілгеннен кейін БЖ пайдаланғанда Тапсырыс берушінің және / немесе Пайдаланушылардың әрекеттері / әрекетсіздігі үшін жауапты болмайды.

8.6. Орындаушы Қызметтерге ақы төлеу немесе Шарт бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген жағдайларда ақшалай қаражатты қайтарғанда есеп айырысуға қатысатын банктердің немесе үшінші тұлғалардың әрекеттері / әрекетсіздігі үшін жауапты болмайды.

8.7. Орындаушының жауапкершілігі Тапсырыс берушіге БЖ-ға онлайн-қолжетімділікті беру міндеттемесімен шектеледі, оның ішінде Курс және Тапсырыс берушіге және / немесе Пайдаланушыларға қол жеткізу және БЖ-мен жұмыс мәселелері бойынша кейінгі техникалық және ақпараттық қолдау көрсетумен қоса.

8.8. Тапсырыс беруші Шарттың талаптарын бұзған жағдайда, егер бұл зияткерлік меншікке құқықтардың немесе үшінші тұлғаларға Курсты қоса алғанда, БЖ-ға қол жеткізуді бермеу туралы міндеттемелердің бұзылуына әкеп соқса, Орындаушы Тапсырыс берушіден Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте және талаптармен айыппұл санкцияларын және / немесе зиянды (залалды) өндіріп алуға құқылы.

8.9. Тапсырыс беруші Орындаушының алдында Тапсырыс беруші анықтаған Пайдаланушылардың Шарт талаптарын және Курспен қоса алғанда, БЖ пайдалану тәртібін сақтауына жауапты болады.

8.10. Тапсырыс беруші және / немесе ол анықтаған Пайдаланушылар Шарт талаптарын бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге және / немесе Пайдаланушыларға көрсетілген қызметтер үшін төленген ақшалай қаражатты Тапсырыс берушіге қайтарусыз, БЖ-ға және оның ішіндегілерге кіруді өшіруге құқылы.

8.11. Орындаушы БЖ және/немесе Сайт жұмысындағы жаңылыстар мен ақауларды болдырмайтын барлық ақылға қонымды күш-жігерді жұмсайды, алайда оның үздіксіз жұмысына кепілдік бермейді, кез келген себептер бойынша провайдердің, өзге тұлғалардың немесе қызметтердің техникалық жаңылыстары мен жұмысындағы кідірістерге, Интернет желісіне немесе Интернет ресурстарына қол жеткізуді шектеуге, пайдаланушының БЖ-ға, оның ішінде Курса қолжетімділік деректерінің сақталуын қамтамасыз етпеуіне, және Орындаушының құзыретінен тыс басқа да мән-жайларға байланысты туындаған немесе туындауы мүмкін залалдар үшін жауап бермейді және залалдарды өтемейді.

8.12. Тараптардың ешқайсысы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін, егер мұндай орындамау еңсерілмейтін күш мән-жайларының әрекетінің салдары болып табылса, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте және шарттарда жауапты болмайды. Тараптар осындай мән-жайлардың әрекеті тоқтатылғаннан кейін Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін барлық мүмкін шараларды қабылдайды.

8.13. Шартта реттелмеген Тараптардың жауапкершілігінің барлық өзге мәселелері бойынша Тараптар Шарттың формасына қолданылатын Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының тәртібінде және талаптарында жауаптылықта болады.

9. ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК. ҚҰПИЯЛЫҚ. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР.

9.1. Орындаушы қызметтерді көрсету аясында Тапсырыс берушіге және / немесе Пайдаланушыларға Орындаушының зияткерлік меншігіне және / немесе Орындаушымен тиісті шарттар / келісімдер жасалған үшінші тұлғаларға (әрі қарай мәтін бойынша – зияткерлік меншік) қолжетімділік беріледі. Зияткерлік меншікке аудиовизуалды

материалдарға, ЭЕМ арналған бағдарламаларға, оқытуды басқару жүйелеріне (LMS), әдістемелік материалдарға, мәтіндік тапсырмаларға, ақпараттық ресурстарға және сайттағы және БЖ-дағы және ашық қолжетімді емес өзге де ақпаратқа қолжетімділік жатады, бірақ олармен шектелмейді.

9.2. Тапсырыс беруші мен Пайдаланушылар Зияткерлік меншікке қатысты міндетті:

- Орындаушының жазбаша рұқсатынсыз Орындаушының және/немесе үшінші тұлғалардың зияткерлік меншікке құқықтарын бұзатын кез келген әрекеттерден тоқталуға, атап айтқанда, көшірмеуге, жазбауға, жаңғыртпауға, көбейтпеуге, кез келген формада таратпауға, қайта жасамауға, туынды шығармалар жасау үшін Орындаушының зияткерлік меншігін пайдаланбауға;
- Орындаушыға Орындаушының және/немесе үшінші тұлғалардың зияткерлік меншік құқықтарының бұзылғаны туралы белгілі болған кез келген фактілер туралы дереу хабарлауға;
- үшінші тұлғаларға БЖ, Курстар, сайтқа кіру үшін өзінің аутентификациялық деректерін бермеуге. Үшінші тұлғалар жоғалтқан жағдайда, сондай-ақ мұндай деректерге рұқсатсыз қол жеткізген жағдайларда Тапсырыс беруші немесе Пайдаланушылар бұл туралы келесі электрондық мекен-жайға хабарлама жіберу арқылы Орындаушыға дереу хабарлауға міндеттенеді: mail@lerna.team
Аталған хабарламаны жібергенге дейін Тапсырыс берушінің және / немесе Пайдаланушылардың аутентификациялық деректерді пайдаланы отырып жасаған барлық әрекеттері құқыққа сәйкес жасалған болып саналады.

9.3. Орындаушының Қызмет көрсету процесіне қатысты, Орындаушы ашық қолжетімділікте жарияламаған және жалпы жұрттың назарына қолжетімді болып табылмайтын кез келген ақпарат құпия ақпаратқа жатады. Тапсырыс беруші мен Пайдаланушылар Қызмет көрсету барысында Орындаушы ұсынған құпия ақпаратты және өзге де деректерді (жалпыға қолжетімді ақпараттан басқа) Орындаушының алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға жария етпеуге міндеттенеді.

9.4. Шартқа қосыла отырып, Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Орындаушының өз дербес деректерін, келсілермен қоса, бірақ олармен шектелмей қызмет көрсету, ақпараттық-анықтамалық Тқызмет көрсету мақсатында, Тапсырыс берушімен байланысу үшін, оның ішінде Қызмет көрсетуге қатысты хабарламалар, сұраныстар және ақпарат жолдау үшін, маркетингтік, талдамалық және өзге де зерттеулер және тұлғасыздандырылған деректер негізінде басқа зерттеулер жүргізу үшін, Шарттың өзге талаптарын орындау, берешекті өндіріп алу үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де мақсаттарда Тапсырыс беруші мен оған көрсетілетін Қызметтер туралы қызметтік ақпаратты жинауына және өңдеуіне келісім береді.

Тапсырыс берушінің дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімі Орындаушыға Тапсырыс берушінің дербес деректерімен келесі іс-әрекеттерді жасауға құқық береді: деректерді жинау, оларды өңдеудің автоматтандырылған құралдарын қолдана отырып /

қолданусыз жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жанарту, өзгерту), Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және көлемде пайдалану және тарату, тұлғасыздандыру, бұғаттау, дербес деректерді жою.

9.5. Тапсырыс беруші оның өз қызметкерлері және (немесе) тиісті субъектілер тарапынан Орындаушыға беруге және Орындаушының Шартты орындау аясында олардың дербес деректерін өңдеуге өкілеттіктері мен барлық қажетті келісімдерінің бар екеніне кепілдік береді. Тапсырыс беруші дербес деректері Орындаушыға берілетін тұлғалардың өздерінің құқықтары, жинақталған дербес деректердің орналасқан жері, құрамы мен мазмұны, оларды беру және өңдеу мақсаттары, дербес деректер берілетін тұлғалар туралы тиісті түрде хабардар етілуін қамтамасыз етеді.

9.6. Дербес деректер дегеніміз деп осы Келісімнің мақсаттарында Тараптар басқалармен қоса аты-жөнді, электрондық пошта мекен-жайын түсінеді.

9.7. Тапсырыс беруші Шарттың орындалуына байланысты Орындаушыға дербес деректерді береді және Тапсырыс беруші Шартысында Орындаушыға ұсынған кез келген дербес деректерді өңдеу Орындаушының дербес деректерді қорғауды регламенттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуына әкеп соқпайтынын растайды.

9.8. Ақырғы Пайдаланушылар дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімін кері қайтарып алған жағдайда, Тапсырыс беруші бұл туралы БЖ-ға қол жеткізуді тоқтату үшін Орындаушыны хабардар етеді, бұл ретте Шарттың қолданылуы көрсетілген қызметтер үшін төленген құнды қайтармастан автоматты түрде тоқтатылады.

9.9. Орындаушы өзінің маркетингтік және / немесе жарнамалық материалдарында Курс материалдарын зерделеу барысында Пайдаланушы жасаған объектілерді пайдалануға құқылы.

9.10. Тапсырыс беруші Шартта көзделген барлық міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті құқықтарға ие екендігіне кепілдік береді, сол сияқты мұндай құқықтардың Пайдаланушыларға тиесілігін қамтамасыз етеді немесе Орындаушыға немесе үшінші тұлғаларға тиесілі зияткерлік меншік объектілерін заңсыз пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауапкершілік туралы ескертеді.

10. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТПЕ ЖӘНЕ КЕПІЛДІКТЕР

10.1. Тараптар Шарт жасасудың Тараптар және / немесе үшінші тұлғалар өкілдері тарапынан қандай да бір құқыққа қайшы әрекеттермен және/немесе әрекетсіздіктермен қатар жүрмегеніне және шартты жасасу мен орындау Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы, Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай жою қаруын таратуға қарсы іс-қимыл туралы қолданыстағы заңнамасын бұзуға ілесе жүрмегеніне кепілдік береді.

10.2. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және / немесе Тараптардың ішкі процедураларына байланысты оларда барлық қажетті рұқсаттардың, келісімдердің, лицензиялардың, Шарт жасасу және орындау құқықтарының бар екеніне кепілдік береді

10.3. Тараптар Шарт жасасқан күні олар мәжбүрлеп тарату немесе қайта ұйымдастыру сатысында емес, оларға қатысты сот ісін жүргізу немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген Тараптардың шарт бойынша өз міндеттерін орындауыға әсерін тигізетін өзге де процедуралар жүріп жатпағанын растайды.

11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘРЕКЕТ МЕРЗІМІ

11.1. Шарт Тапсырыс беруші Орындаушыға өтінім мен Сауалнама жолдаған күннен бастап күшіне енеді.

11.2. Шарт Тұтынушының және/немесе Пайдаланушылардың Бағдарламалық жасақтаманы пайдалануының бүкіл кезеңіне жарамды және оны Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта белгіленген тәртіпте бұзуы мүмкін.

11.3. Тапсырыс беруші және/немесе Пайдаланушылар Шартта және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген шарттарды бұзған жағдайда, Тапсырыс берушіге Шартты бұзудың күтілетін күніне дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбе күні бұрын жазбаша хабарлама жіберу арқылы бұрын төленген сомаларды қайтарусыз Орындаушы Шартты біржақты тәртіпте бұзуы мүмкін.

11.4. Шартты бұзу себептері мен талаптарына қарамастан, Орындаушы Шарт бұзылған күні Тапсырыс берушінің және/немесе Пайдаланушылардың БЖ-ға қол жеткізуін тоқтатады.

11.5. Орындаушы Қазақстан Республикасының заңнамасы және Шарт аясында Шарттың өзгертілген нұсқасын www.lerna.kz сайтында орналастыру арқылы Шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізе алады. Осындай өзгерістердің және/немесе толықтырулардың күшіне ену тәртібі, қолданыстағы Тұтынушыларға Шарттың жаңартылған нұсқасын қолдану талаптары Шартта анықталады.

12. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

12.1. Орындаушыны Тапсырыс берушінің банкілік және/немесе пошталық деректемелеріндегі өзгерістер туралы хабардар етуді Тапсырыс беруші Орындаушыға келесі электрондық пошта мекен-жайына тиісті өзгерістер туралы хабарлама хатын жіберу арқылы жүзеге асырады: mail@lerna.team

12.2. Шартты орындау барысында Тараптар арасында туындауы ықтимал барлық даулар, наразылықтар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешілетін болады. Дауларды бұлайша шешу мүмкін болмаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіпте, Қазақстан Республикасының

заңнамасында көзделген дауды қараудың наразылық тәртібін міндетті түрде сақтай отырып, Орындаушының тіркелген жері бойынша сотқа жүгінуге құқылы. Шарт бойынша талап арызды қарау мерзімі 15 (он бес) күнтізбелік күнді құрайды.

12.3. Шартта реттелмеген барлық басқа сұрақтар бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

ОРЫНДАУШЫНЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЫ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

«Ньюскилз» ЖШС

*Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, «Нұрлы Тау» БО, 13 үй,
блок 1-В, 604 кеңсе*

БСН 210140019844

ЖСК KZ98601A861000975411

«Қазақстанның Халық Банкі» АҚ-да, БСК HSBKZZKX

Телефон +7 771 771 1967

E-mail: info@lerna.kz [web:www.lerna.kz](http://www.lerna.kz)

ТАПСЫРЫС БЕРУШІ САУАЛНАМАСЫ

« _____ » _____ 202_ ж.

- 1) *Ұйымдастыру-құқықтық формасы көрсетілген Тапсырыс берушінің толық атауы*
- 2) *Тапсырыс берушінің бірінші басшысының аты-жөні мен лауазымы*
- 3) *Тапсырыс берушінің БСН*
- 4) *Тапсырыс берушінің заңды мекен-жайы*
- 5) *Тапсырыс берушінің нақты мекен-жайы (егер заңгерлік мекен-жайымен сәйкеспейтін болса):*
- 6) *Тапсырыс берушінің Банкілік деректемелері (ЖСК теңгемен, банк атауы, банк БСК)*
- 7) Тапсырыс беруші мемлекеттік мекеме болып табыла ма: *иә / жоқ*;
- 8) Шарт аясында ақпарат және құжаттар алмасу үшін Тапсырыс берушінің әукілетті өкілдерінің хабарласу деректері: *Аты-жөні, телефоны \ электрондық поштасы*
- 9) Шарт бойынша орындалған жұмыстар актісінің формасы: *қағаз тасымалдаушыда \ электрондық форматта**

**егер электрондық форматта болса, Тапсырыс беруші пайдаланатын платформаны және АВР жіберу үшін Тапсырыс берушінің электрондық поштасының мекен-жайын көрсету қажет*

Сауалнамаға Қосымша:

- 1) *Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама / ЖК куәлігінің көшірмесі*